

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

20.06. 2025 жыл

Қатысқандар: АК төрайымы:

1.Әбсаттар С.Т.

Халықаралық қатынастар кафедрасы

АК мүшелері:

- | | | |
|-----|--------------------------------|---|
| 1. | Тажибаев Рашид Ибрагимович | Халықаралық қатынастар кафедрасы, PhD,аға оқытушы |
| 2. | Анламасова Мақпал Касымхановна | Халықаралық қатынастар кафедрасы, PhD, кафедра меңгерушісі |
| 3. | Нысанбаева Алия Маликовна | Халықаралық қатынастар кафедрасы, саяси ғ. к.,аға оқытушы |
| 4. | Исаев Мұхтар | Философия кафедрасы меңгерушісі, PhD,аға оқытушы |
| 5. | Қалдыбай Қайнар | Философия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 6. | Сержан Оразбай Қарсыбайұлы | Дінтану кафедрасы, аға оқытушы |
| 7. | Аралбеков Нуркен Бауржанұлы | Түркістан облысы әкімінің аппараты ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аумақтық даму бөлімінің бас инспекторы |
| 8. | Женгизхан Жаналтай | Еуразия ғылыми-зерттеу институты директоры орынбасары, Алматы қ. |
| 9. | Халықов Медет Музаппарович | Түркістан облысы әкімдігі Дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу» орталығының директоры |
| 10. | Бердибекұлы Мәди | 6B03138-Халықаралық қатынастар БББ білімгері |
| 11. | Рысбайқызы Аймереке | 6B03187-Психология- дінтану |
| 12. | Райымқұл Айгерім | 7M03117 Саясаттану БББ білімгері |
| 13. | Мұстафа Санжар Ышын | 7M03140 Халықаралық қатынастар БББ білімгері |

Қатыспағандар: -**Күн тәртібі:**

1. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларды ұйымдастыру, нәтижелерін талдау, есеп дайындау
2. Қажеттілік жағдайында қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу
3. Сәуір-маусым айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау
4. АК жылдық есебін әзірлеу
5. АК жылдық есебін талқылау бекітуге ұсыну

АК төрағасы Әбсаттар С. сөз алып АК мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселені 1.

Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларды ұйымдастыру, нәтижелерін талдау, есеп дайындау, қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу, АК жылдық есебін әзірлеу

және есебін талқылау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастыруды, талқылауды ұсынды.

2024-2025 оқу жылында сәуір айында кафедра дайындайтын 6B03138-Халықаралық қатынастар, 7M03140-Халықаралық қатынастар және 7M03117-Саясаттану білім беру бағдарламалары Білім Сапасын Қамтамасыздандыру Бойынша Тәуелсіз Агенттігі (НАОКО) тарапынан өткізілген аккредитациядан сәтті өтті, өзін-өзі бағалау есептері әзірленіп, Агенттікке жолданды. Агенттік тарапынан келген комиссия аталған ББ-лар бойынша мамандар даярлау дәрежесіне оң баға берді.

Екінші мәселе бойынша АК төрағасы Әбсаттар С сөз алып әзірленген, қажеттілік жағдайында қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурса ұсыныс әзірлеу жайлы қарастырсақ. **АК мүшесі Анламасова М.:** 6B03138-Халықаралық қатынастар БББ бойынша шетелдік оқытушылардың шақырылуы жоспарланып отырғанын айтты. Атап айтқанда Түркия Республикасынан келесі 2025-2026 оқу жылына PhD Рюштю Кая мен PhD Гюлеже Шенел Университетіміздің Өкілетті Кеңес тарапынан ұйымдастырылған конкурстан сәтті өтіп, 6B03138-Халықаралық қатынастар, 7M03140-Халықаралық қатынастар ББ-лары бойынша оқытушы-профессорлар құрамына қабылданғанын жеткізді.

Келесі АК-ның сәуір-маусым айларында атқарған жұмыстары бойынша **АК мүшесі Тажибаев Р.** және **АК мүшесі А. Нысанбаева** сөз алып келесі 2025-2026 оқу жылына қабылданатын білімгерлер үшін 6B03138-Халықаралық қатынастар, 7M03140-Халықаралық қатынастар және 7M03117-Саясаттану білім беру бағдарламаларының мазмұнына келесідей өзгерістер енгізілгендігін баяндады:

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы 04.03.2025 жылғы № 90 бұйрығы негізінде ЖЖОКБҰ жасанды интеллектіні қолдану бойынша құзыреттерді игеруге бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады талабына сәйкес «Икемді дағдылар» және «Академиялық жазбаға кіріспе» пәндерінің пән сипаттамаларына өзгеріс енгізілді. Сәйкесінше ОН1 және ОН3 оқыту нәтижелері де өзгертілді.

Сондай-ақ «Жаңа кезеңдегі халықаралық қатынастар тарихы» және «Қазіргі замандағы халықаралық қатынастар тарихы» пәндерінің атаулары мазмұны жағынан әртүрлі тарихи кезеңдерді қамтығанымен, олардың қазіргі атаулары студенттер мен оқытушылар арасында шатасуға әкелуі мүмкін. Бұл атаулар нақты хронологиялық және тақырыптық жіктемені жеткілікті дәрежеде көрсете алмайды. Осыған байланысты, пәндердің атауын халықаралық тәжірибеге сәйкес келетін, мазмұны мен құрылымы анық байқалатын түрде өзгертілді. «Халықаралық қатынастар тарихы I» -Вестфалия келісімінен Бірінші дүниежүзілік соғыстың соңына дейінгі кезеңдегі халықаралық қатынастардың дамуын қамтиды. «Халықаралық қатынастар тарихы II» – Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қазіргі заманға дейінгі халықаралық қатынастардың эволюциясын қарастырады. Осыған байланысты «Халықаралық қатынастар негіздері» модуліндегі «Жаңа кезеңдегі халықаралық қатынастар тарихы» пәні атауы «Халықаралық қатынастар тарихы I» болып өзгертілді және «Қазіргі замандағы халықаралық қатынастар тарихы» пәні атауы «Халықаралық қатынастар тарихы II» болып өзгертілді.

Қазіргі заманда интернеттің, технологияның халықаралық қатынастарға әкелген күрделі өзгерістерді түсіну мақсатында «Ақпараттық талдау» және «Киберқауіпсіздік» пәндері енгізілді. Қазіргі заманғы талаптарға сай жасанды интеллектің Халықаралық қатынастардағы орнын көрсету мақсатында «Цифрлы дипломатия» пәнінің сипаттамасына өзгеріс енгізілді. Аталмыш пәндер халықаралық қатынастарда ақпараттық технологияның табиғаты мен оларды қолдану жолдарын, сондай-ақ халықаралық қауымдастық пен бұқара халықтың ой-пікірін қалыптастыру, өзгерту, шешім қабылдаудағы психологиялық тұрғыдан ықпал ету факторларын зерделеу студенттердің аналитикалық ойлауын дамытып, кәсіби құзыреттерін арттырады. Бұл пәндер қазіргі жаһандық және аймақтық сын-қатерлерге бейімделуіне мүмкіндік береді.

Осыған байланысты «Дипломатиялық қатынастар» модуліндегі пәндердің кредиттері өзгертіліп, жаңадан «Ақпараттық талдау» және «Киберқауіпсіздік» пәндері енгізілді.

04.03.2025 жылғы №90 бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес, ЖЖОКБҰ жасанды интеллектіні қолдануға бағытталған құзыреттерді игеруге мүмкіндік беретін білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға міндетті. Осы талаптарға байланысты «Зерттеулердің қолданбалы әдістері» және «Академиялық ғылыми жазба» пәндерінің сипаттамаларына өзгерістер енгізілді. Сәйкесінше, ОН4 және ОН5 оқыту нәтижелері де жаңартылды.

«Қазіргі халықаралық қатынастардағы қақтығыс, бейбітшілік және қауіпсіздік мәселелері» пәні теориялық және практикалық мазмұндарды қамтитын кең ауқымды тақырыптарды қарастырғанымен, соңғы жылдары қауіпсіздік саласындағы академиялық даму бұл мәселені терең деңгейде қарастыру қажеттігін көрсетіп отыр. Осыған байланысты бұл пән екі бөлек пән ретінде оқытылатын болды:

1. «Геосаясат және геостратегия мәселелері» пәнінің кейбір тақырыптары бакалавриат бағдарламасындағы «Геосаясат негіздері» пәнімен қайталанатын болғандықтан, оның орнына «Қақтығыстар мен бейбітшілікті зерттеу теориялары мен тәсілдері» пәні енгізілді. Бұл пән қақтығыстарды шешу, бейбітшілікті орнату, делдалдық және келіссөздер сияқты процестердің теориялық негіздерін талдауға бағытталған. Сонымен қатар, магистранттардың қақтығыс пен бейбітшілік процестеріне қатысты әдебиеттерді сыни тұрғыдан бағалау және салыстырмалы талдау жасау қабілеттерін дамыту мақсаты көзделеді.

2. «Қазіргі қауіпсіздік мәселелері және қақтығыс аймақтары» пәні жаһандық және өңірлік қауіпсіздікке төнетін қауіптерді – қақтығыс аймақтарын, гибриді соғыстарды, терроризмді, климаттың өзгеруін, энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігін – қамти отырып, нақты оқиғаларға негізделген талдау жүргізу арқылы магистранттардың стратегиялық ойлау және шешім қабылдау дағдыларын жетілдіруді мақсат етеді.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы 04.03.2025 жылғы № 90 бұйрығы негізінде ЖЖОКБҰ жасанды интеллектіні қолдану бойынша құзыреттерді игеруге бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады талабына сәйкес Зерттеулердің қолданбалы әдістері және Академиялық ғылыми жазба пәндерінің пән сипаттамаларына өзгеріс енгізілді. Сәйкесінше ОН4 және ОН5 оқыту нәтижелері де өзгертілді.

«Қазіргі қақтығыстану» және «Саяси психология» пәндерін магистратура деңгейінде енгізу қазіргі заманғы саяси үрдістер мен халықаралық қатынастардағы күрделі өзгерістерді терең түсіндіру үшін қажет. Қақтығыстардың табиғаты мен оларды шешу жолдарын, сондай-ақ саяси мінез-құлық пен шешім қабылдаудағы психологиялық факторларды зерделеу магистранттардың аналитикалық ойлауын дамытып, кәсіби құзыреттерін арттырады. Бұл пәндер саясаттанушылардың қазіргі жаһандық және аймақтық сын-қатерлерге бейімделуіне мүмкіндік береді.

Осыған байланысты Модуль 1. Саяси үдерістер мен жүйелер жаңғыртуы модульіндегі пәндердің кредиті өзгертілді және «Қазіргі қақтығыстану» жаңа пән ретінде енгізілді.

Әлемдік саяси процестер теориясы 6 кредиттен 5 кредитке өзгертілді

Әлеуметтік саясат негіздері 7 кредиттен 5 кредитке өзгертілді

Саяси жүйелер модернизациясы 6 кредиттен 5 кредитке өзгертілді

Қазіргі қақтығыстану 4 кредит

Модуль 2. Қазіргі саяси процестер модульіндегі пәндердің де кредиті өзгертілді және «Саяси психология» жаңа пән ретінде енгізілді.

Қазақстандағы саяси процестер 6 кредиттен 5 кредитке өзгертілді

Гендерлік саясаттану 7 кредиттен 5 кредитке өзгертілді

Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар 6 кредиттен 5 кредитке өзгертілді

Саяси психология 4 кредит

АК төрағасы Әбсаттар С.: Құрметті АК мүшелері, 2024-2025 оқу жылы 6B031-Әдеуметтік ғылымдар Даярлау бағыты Білім беру бағдарламалары бойынша атқарылған жұмыстарды қорытындылап, келесі оқу жылында атқарылуы тиісті жұмыстар жоспарын бағдарлап, бүгінгі АК мәжілісінде қаралған мәселелерді бекітуге ұсынды.

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылында сәуір айында кафедра дайындайтын 6B03138-Халықаралық қатынастар, 7M03140-Халықаралық қатынастар және 7M03117-Саясаттану білім беру бағдарламалары Білім Сапасын Қамтамасыздандыру Бойынша Тәуелсіз Агенттігі (НАОКО) тарапынан өткізілген аккредитация нәтижелерін және оқу жылында қол жеткізетін нәтижелері қабылдансын.
2. 2025-2026 оқу жылына қабылданатын білімгерлер үшін 6B03138-Халықаралық қатынастар, 7M03140-Халықаралық қатынастар және 7M03117-Саясаттану, 6B03187-Психология- дінтану білім беру бағдарламаларының мазмұнына енгізілген өзгерістер қабылдансын.
3. 2024-2025 оқу жылында 6B031- Әдеуметтік ғылымдар Даярлау бағыты Білім беру бағдарламалары бойынша атқарылған жұмыстар нәтижелері бекітіліп, келесі оқу жылында атқарылуы тиісті жұмыстардың жоспары зерделеніп, басты бағыттары бекітілсін.
- 4.

Мәжіліс төрағасы:



Әбсаттар С.

Хатшысы:



Нысанбаева А.